

**Магистратура білім беру бағдарламалары бойынша
бітіру жұмысын жазу жөніндегі
ЖЕТЕКШІЛІК**

1. Жалпы ережелер

1. Магистратураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі:
- бейінді магистратура магистранттарының – магистрлік жоба;
- ғылыми-педагогикалық магистратура магистранттарының – магистрлік диссертация орындауын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

2. Магистрлік жоба – «Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасының өзекті қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу болып табылатын бітіру жұмысы.

Магистрлік диссертация – «Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген өзіндік ғылыми зерттеу болып табылатын бітіру жұмысы.

3. Магистрлік жобаның (диссертацияның) мақсаты:

а) таңдалған тақырып аясында магистранттың теориялық және практикалық білімдерін жүйелеу, бекіту және тереңдету;

б) өзіндік талдау жұмысының дағдыларын қалыптастыру және көрсету;

в) алынған білім мен дағдыларды сот практикасы мен құқық қолданудың теориялық және қолданбалы мәселелерін шешу процесінде пайдалану.

2. Бітіру жұмысының тақырыбы

4. Магистрлік жобалардың (диссертациялардың) тақырыптары сот практикасының өзекті проблемаларын барынша терең қамтуға, оқыту бағдарламасына және заң ғылымының дамуының заманауи бағыттары мен үрдістеріне сәйкес келуге тиіс.

5. Магистрлік жобалардың (диссертациялардың) тақырыптары ретінде заңнама салаларының жалпы мәселелерін бекітуден бас тарту ұсынылады. Соттардың нақты институттар мен заңнама нормаларын қолдану практикасына қатысты тақырыптарға артықшылық беріледі.

3. Ғылыми жетекші

6. Ғылыми жетекшінің ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор, ғылым докторы) болуы немесе

қызметтегі судья, не отставкадағы судья болуы тиіс.

7. Ғылыми жетекші:

- оқудың барлық кезеңіне зерттеу кезеңдерін анықтайды, олардың орындалуына мониторинг жүргізеді, бұл магистранттың жеке оқу жоспарында көрініс табады;

- зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша магистранттың қызметін үйлестіреді (магистрлік жобаны (диссертацияны) орындау барысында кеңес және тапсырмалар береді; магистрантқа қажетті әдебиеттерді, анықтамалық, сот материалдарын және басқа ресурстарды ұсынады);

- белгіленген талаптарға сәйкестігін нормалық бақылауды жүзеге асырады.

4. Бітіру жұмысын орындайтын магистрант

8. Магистрант:

- ғылыми жетекші бекіткен кестеге сәйкес магистрлік жоба (диссертация) аясындағы жұмыстың орындалуы туралы есепті ғылыми жетекшіге уақтылы ұсынуға;

- басқа зерттеушілердің дайын шешімдерін көшірмей, академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып, магистрлік жобаны (диссертацияны) өз бетінше дайындауға;

- жетекшімен байланыста болуға;

- магистрлік жобаның (диссертацияның) дайындалған бөлімдерін жетекші белгілеген мерзімдерде тапсыруға;

- магистрлік жобаның (диссертацияның) соңғы нұсқасын ғылыми-білім беру орталығына (бұдан әрі – ГБО) белгіленген мерзімде ұсынуға;

- жобаны (диссертацияны) Академия бекіткен рецензенттерге белгіленген мерзімде жіберуге міндетті.

9. ГБО магистранттардың жоба (диссертация) бойынша ағымдағы жұмысының нәтижелерін бақылап отырады.

10. Магистрант бітіру жұмысының авторы ретінде магистрлік жобада (диссертацияда) ұсынылған барлық деректердің дұрыстығы мен шынайылығына жауап береді. Ғылыми жетекші магистранттармен бірге магистрлік жобаның (диссертацияның) толықтығы мен сапасына жауапты.

5. Бітіру жұмысын ресімдеуге қойылатын талаптар

11. Магистрантқа жұмысты жазу тілін (қазақ, орыс немесе ағылшын) таңдау құқығы беріледі.

12. Ресімдеуге қойылатын талаптар: жоба (диссертация) Microsoft Word бағдарламасында орындалады, форматы А4, жоларалық интервал – 1, шрифт – Times New Roman, кегль – 14. Жиектердің өлшемдері: барлық жағынан – 20 мм, абзац шегінісі – 10 мм.

Магистрлік жобаның көлемі – 30–40, магистрлік диссертацияның көлемі – 50–60 бетті құрауы тиіс, қосымшалар көрсетілген көлемге енгізілмейді.

13. Магистрлік жобаның (диссертацияның) соңғы нұсқасы А5, кегль 12 форматында (қапсырмадағы брошюра, екі жақты баспа, тығыз мұқаба) басып шығарылады.

14. Құрылымдық элементтерді ресімдеуге қойылатын талаптар: магистрлік жобаның (диссертацияның) әрбір бөлімі жаңа беттен басталуы керек; бөлімдердің, бөлімшелердің атаулары жолдың ортасына орналастырылуы тиіс және абзац шегінісімен, бас әріптен бастап, соңында нүктесіз, астын сызбай терілуі керек.

15. Магистрлік жоба (диссертация) мынадай міндетті құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- титулдық парақ;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар (егер бар болса).

16. Магистрлік жобаның (диссертацияның) құрылымы зерттеудің логикасын көрсететін, мазмұнның барлық элементтерінің бірлігі мен өзара байланысын қамтамасыз ететін материалды ұйымдастыру нысаны болып табылады.

17. Титулдық парақ (1, 2-қосымшалар) магистрлік жобаның (диссертацияның) бірінші беті болып табылады, онда оның шығуы туралы негізгі ақпарат беріледі.

18. Магистрлік жобаның (диссертацияның) мазмұны (3-қосымша) жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелерінің барлық негізгі тақырыптары мен бет нөмірлерін қамтиды. Жоба (диссертация) мәтініндегі бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары мазмұнда көрсетілген атаулармен толығымен сәйкес келуі керек, бұл ретте бөлімдер мен бөлімшелердің атауларын қысқартуға жол берілмейді.

19. Кіріспе жобаның (диссертацияның) өзектілігінің негіздемесін, оның мақсаты мен міндеттерінің сипаттамасын, мәселенің зерттелу дәрежесін, қойылған зерттеу сұрақтары мен нақты зерттеу әдістерінің қысқаша сипаттамасын, зерттеудің дереккөздер базасын, зерттеудің ғылыми жаңалығын, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын, күтілетін нәтижелерді, зерттеу нәтижелерін апробациялау туралы мәліметтерді, сонымен қатар құрылымы мен көлемі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

20. Магистрлік жобаның (диссертацияның) негізгі бөлімі мәселенің сипаттамасын, теориялық аспектілерін, заңнамалық реттеу деңгейін, сот практикасын талдау және синтездеуді, алынған нәтижелерге қатысты магистранттың авторлық ұстанымын, әрбір тапсырма бойынша зерттеу нәтижелерін, қорытындылар мен ұсыныстарды қамтуы тиіс. Негізгі бөлім бөлімдерге бөлінуі керек, олардың әрқайсысында кемінде екі бөлімше болуы

керек. Әрбір бөлім қарастырылатын мәселелердің мәнін қысқаша сипаттайтын қорытындылармен аяқталуы қажет.

21. Қорытындыда зерттелетін мәселе бойынша жалпы тұжырымдар мен нақты ұсыныстар болуы керек. Қорытындыда тек зерттеу мәтінінде негізделген ұсыныстар көрсетіледі. Бұл ретте қорытындының мәтіні әрбір бөлімнің соңында жасалған тұжырымдар мен ұсыныстарды сөзбе-сөз қайталамауы керек.

22. Нөмірлеуге қойылатын талаптар: барлық құрылымдық элементтердің, беттердің, иллюстрациялардың және т.б. нөмірленуі араб цифрларымен белгіленеді; магистрлік жобаның (диссертацияның) беттері жұмыстың бүкіл мәтіні бойынша толассыз нөмірлеуді сақтай отырып нөмірленуі тиіс. Беттің нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады. Титулдық парақтың нөмірі беттердің жалпы нөмірленуіне қосылады, титулдық парақтағы беттің нөмірі қойылмайды; иллюстрацияларды, кестелерді, формулаларды және т.б. нөмірлеу – барлық жұмыс шегінде толассыз.

23. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер әр беттегі сілтеме түрінде (нөмірлеу әрбір бетте жаңадан басталады) ресімделеді.

24. Иллюстрациялар (графиктер, схемалар, фотосуреттер) олар туралы мәтінде айтылғаннан кейін тікелей орналастырылады. Иллюстрациялар «1-сурет – Суреттің атауы» деген сөздермен белгіленеді, олар түсініктеме бергеннен кейін суреттің астына орналастырылады. Мәтінде әр иллюстрацияға сілтеме қажет. Сандық материал кесте түрінде ресімделеді. Кестенің атауын кестенің үстіне сол жағынан, оның нөмірімен бір жолға абзац шегінісіз қоя керек: «1-кесте – Кестенің атауы».

25. Пайдаланылған дереккөздер тізімі екі бөлімнен тұрады:

1. Нормативтік құқықтық актілер, халықаралық актілер, бағдарламалық құжаттар мен есептер (заңдық күші, қабылданған күні бойынша орналастырылады);

2. Арнайы әдебиет (дереккөздер автордың тегі бойынша алфавиттік тәртіппен орналастырылады).

Электрондық ресурстарды (интернет-сайттар материалдарын) пайдаланғанда сайтқа (порталға) сілтеме жасап, авторды, дереккөздің атауы мен мекенжайын, кірген күнін көрсету қажет (4-қосымша).

26. Әрбір қосымшаны беттің жоғарғы оң жақ бұрышында «Қосымша» деген сөзді және оның реттік белгісін көрсете отырып, жаңа беттен бастау керек. Қосымшада жолдың ортасында орналасқан және соңында нүктесі жоқ бас әріптен басталатын тақырып болуы керек. Қосымшалар араб цифрларымен белгіленеді.

6. Бітіру жұмысын қорғауға ұсыну

27. Магистрлік жобаны (диссертацияны) қорғауға мынадай құжаттар болған кезде жол беріледі:

мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде магистрлік жобаны (диссертацияны) тексеру туралы анықтама, ол бойынша мәтіннің

түпнұсқалығы кемінде 90 пайызды құрайды;

ғылыми жетекшінің оң пікірі. Қорғауға толық дайындалған магистрлік жоба (диссертация) ғылыми жетекшіге ұсынылады, ол тексеру нәтижелері бойынша жазбаша пікір береді (5-қосымша). Ғылыми жетекшінің қорытындысы теріс болған жағдайда («қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды») магистрант магистрлік жобаны (диссертацияны) қорғауға жіберілмейді;

мерзімді басылымдарда, еңбектер жинақтарында, конференциялардың, ғылыми форумдардың және т.б. материалдарында магистрлік жоба тақырыбы бойынша – кемінде бір, магистрлік диссертация тақырыбы бойынша – кемінде екі жарияланым;

рецензияда магистрантқа «құқық магистрі» немесе «заң ғылымдарының магистрі» дәрежесін беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы уәжді қорытынды беріледі (6-қосымша). Рецензент ҒБО басшыларының ұсынымы бойынша Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Біліктілігі немесе дәрежесі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін үшінші тарап ұйымдарының қызметкерлері рецензент бола алады. Магистрлік жоба (диссертация) рецензенттің теріс пікірі болған жағдайда да қорғауға ұсынылуы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СӨТ КЕҢЕСІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ СӨТ ТӨРЕЛІГІ КАДЕМИЯСЫ

қолжазба құқығында

Магистранттың Т.А.Ә.

МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

«7M04202 – Сөт және сөт төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша
құқық магистрі дәрежесін алу үшін әзірленген
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____

(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)
_____ (қолы)

Жоба қорғауға мақұлданған: «___» _____ 20__ ж.

ҒБО директоры: _____
(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы) (қолы)

Астана, 20__

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СӨТ КЕҢЕСІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ СӨТ ТӨРЕЛІГІ КАДЕМИЯСЫ

қолжазба құқығында

Магистранттың Т.А.Ә.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

«7M04201 – Сөт және сөт төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша
заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін әзірленген
магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші: _____

(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

_____ (қолы)

Диссертация қорғауға мақұлданған: «___» _____ 20__ ж.

ҒБӨ директоры: _____

(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы) (қолы)

Астана, 20

Мазмұны

Белгілеулер мен қысқартулар

Кіріспе

2-3 бет

1. Бөлімнің атауы*

1.1. Бөлімшенің атауы

1.2. Бөлімшенің атауы

2. Бөлімнің атауы

2.1. Бөлімшенің атауы

2.2. Бөлімшенің атауы

Қорытынды

3-5 бет

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

2-5 бет

Қосымшалар

**Бөлімдер мен бөлімшелер саны бітіру жұмысының мақсаты мен міндеттеріне байланысты.*

Пайдаланылған дереккөздер тізімі
(ресімдеу үлгісі)

1. Нормативтік құқықтық актілер, халықаралық актілер, бағдарламалық құжаттар мен есептер:

1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_13.11.2019.

1.2. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: 2008 жылғы 4 мамырда қабылданған // <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/57> 23.11.2019.

1.3. CIPD Annual Survey Report 2015 // cipd.co.uk/learninganddevelopmentsurvey 08.12.2019.

2. Арнайы әдебиет:

2.1. Адизес И. Идеальный руководитель. Почему им нельзя стать и что из этого следует. – М.: Альпина Паблишер, 2011. – 272 б.

2.3. Абилямажинов Т.Т. Мемлекеттік қызмет жүйесін реформалаудың шетелдік тәжірибесі // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Экономикалық Сериясы. – 2016. – №5(117). – Б. 344-352.

2.1. Armstrong M., Taylor S. Armstrong's Handbook of Human Resource Management practice. – Ed. 13th. – London, 2014. – 406 p.

2.4. Guidance Civil Service Talent Managament <https://www.gov.uk/government/publications/civil-service-talentmanagement/civil-service-talent-management> 20.12.2019.

2.5. Садықова Қ.Қ. Қазақстан Республикасының кәсіби мемлекеттік аппаратын қалыптастырудың институционалдық реформалары // «Ресей мен Еуропа: мәдениет пен экономика арасындағы байланыс» XIII Халықаралық ғылыми.-практ. конф.материалдары. - Прага, 2015. – 563-565 бб.

(шифры, атауы) білім беру бағдарламасы бойынша

_____ даярлаған

(т.а.ә.)

« _____ » тақырыбындағы магистрлік жобаға (диссертацияға)

ПІКІР

Жұмыстың қысқаша сипаттамасы _____

Зерттеу тақырыбының өзектілігі _____

Теориялық талқылану деңгейі мен практикалық маңыздылығы _____

Жұмыстың алдына қойылған міндеттерді шешудің толықтығы мен өзіндік ерекше сипаты _____

Жұмыстың қойылатын талаптарға сәйкестігі мен қорғауға дайындығы туралы ұсыныстар _____

Ғылыми жетекші _____

(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Қолы _____

« _____ » _____ 20__ ж.

(шифры, атауы) білім беру бағдарламасы бойынша

_____ даярлаған

(т.а.ә.)

«_____» тақырыбындағы магистрлік жобаға (диссертацияға)
РЕЦЕНЗИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі _____

Магистрлік жобаның (диссертацияның) зерттеу тақырыбы мен мақсатына сәйкестік деңгейі _____

Ғылыми жаңалығы мен түпнұсқалық деңгейі _____

Зерттеу мазмұнын құрылымдаудың қисындылығы _____

Әдебиеттерге сыни шолудың, практикалық материалдардың болуы _____

Дәлелді және негізделген теориялық және эмпирикалық тұжырымдар мен ұсыныстардың болуы _____

Мәселенің шешілуі мен зерттеудің аяқталғандық деңгейі _____

Зерттеудің практикалық маңыздылығы _____

Магистрлік жобаның (диссертацияның) мазмұны бойынша ескертулер
(басты назар әрбір қорытынды мен ұсыныстың талданғандығына
аударылуы тиіс) _____

Ресімдеу мен баяндау стилі бойынша ескертулер _____

Жұмысты бағалау _____

Қорытынды _____

Рецензент _____

(т.а.ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Қолы

(кадр қызметімен расталған)

«___» _____ 20__ ж.